

«БД021400 – Әдебиеттану» мамандықты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Нүсіпәліқызы Ақтотының «Қазірітi қазак әнгiмелерiндегi мифтiн көркемдiк қызметi (2000-2022 жылдар)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттiн

СЫН-ШҚИРҒА

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысанына бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың «ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» (2019 ж. №98 қаулы), 7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер: 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жанғыруының мұралары мен бастаулары бағыттарына сәйкес келеді. 1) «БД021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. 2) Диссертация тақырыбы «Қазірітi қазак әнгiмелерiндегi мифтiн көркемдiк қызметi (2000-2022 жылдар)» атты бағдарламаға сәйкес орындалған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7.2 Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер бағымдылығына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қазірітi қазак әдебиеттануының кемелдену үдерісі тұрғысынан алғанда, бұл өзекті тақырыптың ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланыстылығы айқын. Зерттеу ұлттық мифология мен әдебиеттану саласындағы тарихи мұраларымызды зерделеу мен игеруде жаңаша таным-білік тұрғысынан қарауға мүмкіндік беретіні анық әрі үлкен үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) төмен;	Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми макалаларынан, диссертациясынан да жазу деңгейінің жоғарылығы және өзіндік баяндау стилі анық байқалып тұр. Ғылыми жұмыс – бір қолдан шыққан, біртұтаст жұмыс. Отандық және шетелдік ғалымдардың

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4) өзі жазбаған</p> <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>тужырымдарына орынды сілтеме жасаған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың өзегіне қазіргі қазақ прозашыларының туындылары поэтикасымен неомифологиялық үрдіске бет бұру арқау бола тұра, қиын жағдайдағы қазіргі қазақ қоғамының келбетін таныту үшін қаламгерлерміз авторлық қолтаңбамен артыққазақ, Інжіл мен Құран Кәрімнен алынған мифологиялық, архетиптік элементтер құрылымның үлкен мақсатпен жүзеге асырылғандығын бағамдалады. Неомифологиялық принциптер артыққазақ және антикалық мифологияның кең көлемді реминисценттік катпарларынан аршып алынып, әлеби және мәдени-тарихи мифологиялар арқылы көрініс тауып отырғандығын айқын көрсетілген.</p>
4.2		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындалды; 2) жартылай айқындалды; 3) айқындалмады 	<p>Диссертация мазмұны «Миф және мифологияның әлебиеттегі көркемдік қызметі», «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі миф поэтикасы», «Қазіргі қазақ әңгімелерінде әлемді мифологиялық тұрғыдан қайта пайымдау» деп аталатын озара тығыз байланысты үш тараудан тұрады. Зерттеу жұмысының негізгі тараулары және тарауларға қарасты бөлімдерінде қарастырылатын тақырыптар біртұтастықты құрайды. Диссертация жұмысында қаралатын өзекті ойды ашып, белгілі бір нәтиже қорытуға мүмкіндік беріл.</p>
4.3		<p>4.3. Мақсатты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеуші қазақ прозашыларының мифологиялық ерлігіндегі мифологиялық бастау көздерді түстеп танып, олардың ішіндегі ең басым мифологиялық образдар мен мотивтер және архетиптерді қолданушы көркемдік амал-тәсілдерді анықтауды, негізгі мақсаты етіп қояды. Осы мақсатқа орай:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифологиялық мотивтердің теориялық негіздерін айқындап, зерттеуге тандап алынған тақырыптар мен әдістердің негізінде теориялық және әлеби-тарихи дереккөздерін бір ізге түсіру; 2) бүтінгі қазақ прозашыларының авторлық концепциясындағы мифопоэтикалық үлгілердің әлем әлебиетімен байланысын анықтау және қазіргі қазақ әңгімесіне тән мифологиялық мотивтердің мәнін ашу; 3) қазақ ұлттық мифологиялық және неомифологиялық үрдістердің аралындағы өзара үйлестіктің табиғатын танып-білу және қазақ жазушыларының көркем мәтіндеріндегі мифтің образдық құрамына ой жүгірту міндеттерін қою арқылы қол жеткізген.
4.4		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 	<p>«Миф және мифологияның әлебиеттегі көркемдік қызметі» атты бірінші бөлімінде мифологиялық мотивтер қазіргі қазақ әңгімелерінің шығу тегінде зор рөл атқарылғандығы айқын көрсетілді. Сол себепті әлгіне жапырыла қалам тартып жүрген жазушылар мифологиялық</p>

	3) байланыс жок	<p>тақырып, образдар мен персонаждарды әлбей туындыларында қолданған шақта оларды өздерінше қайта пайымдайды. Бұл тарауда мифтік және мифтік нышан белгілері бар Т. Нұрмағанбетов, А. Алтай, Ө. Әбдіхалықұлы, Т. Кенесбаев, Д. Қуат, Қ. Әбілқайыр, М. Мәлікөв, Н. Қабдай т.б. әңгімелеріне талдау жасалынған. Мысалы, Қанат Әбілқайыр өз туындыларында саналы түрде бейформалы, бейластүрлік рухтағы мифтік қолданыстарды шығарма тініне енгізе білгендігін ашып көрсетілген. Өміржан Әбдіхалықұлының «Володинның басы» әңгімесі «қолдан жасалған құдай» діни мотивіне арналғандығын да айқын зерттеген. Сонымен қатар зерттеу барысында қазіргі қазақ әңгімесіндегі реализм, жаңа реализм, постмодернизмнің эстетикалық бағыттарын түрлі қарынан қамтуға тырысқан. Жұмыстың «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі миф поэтикасы» атты екінші бөлімінде диссертант мифологиялық реминисценция қазіргі заман авторына классикалық мифпен өзлік диалогтық-полюмикаға түсуге мүмкіндік беріп, көне миф күйреуге ұшырап, оның қирандысынан жаңа миф туғындайды. Ал, өз кезегінде авторлық миф классикалық мифтің мұрагері ретінде оның көркемдік құрылымын иеленіп, оның аясын кеңейтеді. Бұл тарауда қазіргі қазақ прозашыларының авторлық концепциясындағы мифопоэтикалық үлгілерді Қанат Әбілқайыр, Өміржан Әбдіхалықұлы, Талғат Кенесбаев, Тынымбай Нұрмағанбетов, Асқар Алтай, Бейбіт Сарыбай, Мәкеш Мәлікөв, Нұрлан Қабдай шығармашылығына қатысты сөз етілген. Мысалы, А. Алтайдың «Шанид» әңгімесіндегі кейіпкердің рухани жағынан екіге бөлінуі талданған. Ұлттымыздың қажарылған ділін, тілін, суретін сұбапатын, рухын танбапатын Т. Нұрмағанбетовтың «Кенө» әңгімесінің де орын өзгешедей алған. Қаламгер қиялында ұшпалған бүтінгі өмір шындығы көркем өмірдегі шындықпен ағасып дүниенің мән-мағынасын, тришліктің мәнді себептерін тереңнен толғата, тебренгені түседі. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифологиялық көркемдік құрылымының түзілімі неомифологияланған образ көмегімен, не болмаса мифологияланған сөз кестелеудің көмегі арқылы өмірге келгендігін ашып көрсетуге тырысқан.</p> <p>«Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі әлемді мифологиялық тұрғыдан қайта пайымдау» атты соңғы үшінші бөлімінде қазіргі қазақ әңгімелеріндегі «жаңа миф» XX ғасыр соңындағы көне мифтік таптуырындылықтан мүлдем өзгешеленгендігін айқын көрсете отырып бүтінгі ұлт әлебиетіндегі неомифологиялық мәтіндерде біртұтас әңгімелеу жүйесі, біртұтас әлем келбетін қабылдау көзқарасын ұшыраспайтындығын дәлелдеуге тырысқан. Мысалы, Қойшыбек Мұбарактың «Құбдықын»</p>
--	-----------------	--

		<p>әңгімесі қазақтың мифтік танымдарының көп бөлігі көрініс тапқандығы түсіндіріледі. Прозаяк Аягул Мантаеваның «Қабір гүлі» деп аталатын әңгімесі біздің дүниетанымымызға батыстық салттың да ықпал етіп жатқандығын анық көрсететіндігін ізденуші түсіндіре отырып, тамаша жеткізген. Ізденуші Нұрхалық Абдырақыпның «Төберік» әңгімесі арқылы кішкентай адам трагедиясын «жаһандығы жалғыздық» мотивімен шығып шығарысын шығармай, айтар ойын пашыратпай оқырманға ұсына білудің жоғары деңгейіне түсіндіре алған. Көбінесе мұндай әңгімелерде дәстүрлі түркілік бастау көз еместігін, адам бағасына ортақ әлемдік әдеби мотіндер екенін барынша ашып түсіндірген. Тарихи оқиғалар мен сюжеттік мотивтер енді мифтің рөлін алмастыра келе, шығармашылық көркемдік дүниеге айналып отырғандығын ізденушінің зерттеуінен байқауға болады. Қазіргі қазақ зерттеушілері неомифологиялық үрдіс аясында қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік архетиптер қолдану негіздері мен жинақтар (бұлар диссертация мазмұнында бар) қорытынды тұжырымдар ретінде берілуге болатын еді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетілді. Осыған дейін мамандар тарапынан айтылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сын тәзінен өтіп отырды. Өзіндік тұжырымдар, тың пайымдар, сыни талдау бар. Мәселен, (42 б.) XX ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы мифке бет бұрушылық қазақ әңгімесінде бес түрлі сипатта көрініс тапты:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Біріншіден, әңгіме жанрында мифологиялық образдар мен сюжеттерді кенінен қолдану артып келеді. - Екіншіден, авторлар бір тақырыпта жазып, бір ғана мифті қолданғанымен стильдеу мен вариациялаудың алуан түрлілігі әдеби өмір салтына енді. Қазақ қағамгерлерінің өнер мәдениетінің әлемдік арнасына шығуы түркі халықтарына жатпайтын өзге ұлт пен ұлмыстың мифтері мен мифологиясын шығармашылықпен игеруге мол мүмкіндік берді. - Үшіншіден, «авторлық мифтер» дегі тасқындай түсті. - Төртіншіден, мифологиялық дәстүріміз жаңа әдеби үрдістермен аралас-құраластыққа түсе бастады. - Бесіншіден, миф шығармашылығы қазақ қоғамының барша саласын қамти бастады. <p>Жаңа миф көп жағдайда ұлт жадысымен мүлдем байланысты емес, керісінше, бүгінгі қазақ ұлты бастан өткеріп отырған жаңа заманның келбетін танытатын нақты-тарихи формаға айналғандығын жәле</p>

5.	<p>Ғылыми жана ғылым принциптері</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен кандидаттар жана болып табыла ма? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Отандық әдебиеттанушы ғылымдар бұл құбылысты түрліше бағалап жүргендігін салыстырмалы түрде анықтауға тырысқан.</p> <p>Зерттеу жұмысының отандық әдебиеттану саласында алғаш рет қолға алынғып отырған мәселе болуына байланысты жана шылдық деңгейі де жоғары. Әдебиеттану тұрғысынан жасалған талдаулар жана нәтижелер алға қол жеткізген. Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен кандидаттардың барлығы дерлік жана деуге болады.</p> <p>Диссертациялық еңбектің жана шылдығы – қазақтың ұлттық діл мен мифологиядағы метаморфоза құбылысының қазақ қаламгерлерінің шығармаларында поэтикалық әдіспен интерпретациялануы алғаш рет қарастырылып және қазақ еңтіме жанрындағы неомифология жайында жазылған шығармалар негізінде жана ша пайымдаулар мен тұжырымдар жасалуында.</p> <p>Диссертациядағы тұжырымдалған ғылыми нәтижелер ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетінің мифологиялық талдаулар негізінде зерттеу бойынша әдеби мұралары мифтік мотивтер мен архетиптердің өзара үндестігі негізінде айқындау арқылы көрінеді. Диссертацияда ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымының осы бағыттағы зерттеу нәтижелерінде, қазақ әдебиетінің зерттеу тәжірибесін назарда ұстай отырып талданып, саралануы, пайымдалуы осы еңбектің ғылыми жана шылдығы болып есептеледі.</p> <p>Ізденуші мифологияның теориялық негіздеуіндегі әлемдік, отандық ғылыми тәжірибесін назарда ұстайды. Миф негіздерінің көркеи шығармада интерпретациялану дәстүрі бойынша ХХІ ғасырдың әдебиет үлгілері фактісінде елеулі танымдық, тәжірибесілік пайымдаулар жасайды. Нақты мәтіндік нұсқалар, теориялық еңбектер негізінде қорытындылар жасауы арқылы ғылыми тұжырымдардың шынайылық дәрежесіне қол жеткізілген.</p>
6.	<p>Негізгі қорытындыларды</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Бұлдық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараянда дұқымды дәлелдемелерде</p> <p>Әр тару соңында жасалған талдаулар негізінде нақты қорытындылар жасалып отырады. Диссертациялық жұмыс соңында солардың негізінде</p>

	<p>н негізділігі</p> <p>негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары болыпша)</p>	<p>жапшы қорытынды жасалды. Талдау, деректерді сарптау кезінде қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың зерттеу әдістері мен олардың тұрақтаған белгілі теориялық пайымдары қажеттіне қарай пайдаланыла отырып, негізгі қорытындылар кен түрде дәлелденген.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p>	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1. Негізгі қағидағтар толық дәлелденген. Диссертация көлемінде автор негізгі 7 қағидағты айқындаған. Бұл қағидағтар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған.</p> <p>7.2. Әрбір қағидағ тривиалды емес деп саналады. Автор қағидағтарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған.</p> <p>7.3. Мейлінше жана. Элебиеттану саласындағы зерттеулерде осыған дейін осы диссертацияда талданған мәселелер арнайы қарастырылған емес. Сол себепті нәтижелері де жаңалығымен ерекшеленеді.</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең. Элебиеттану, фольклор, тарих және этнография салаларында кеңінен пайдалануға болады.</p> <p>7.5. 2017-2020 жылдар аралығында автордың 7 мақаласы жарық көрген. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынған. Соның ішінде атап айтсақ,</p> <p>Әлебиеттанушы және мәдениеттанушы ғалымдар Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Қонаратбаев, С. Қасқабасов, Р. Бердібай, А. Қыраубаева, Ш. Ыбыраев, Е. Тұрсынов, Қ. Ербөбек, Ә. Қолдар, А. Ісмакова, С. Қондыбай, М. Орынбеков, С. Оспанов, Х. Көктәнді, А. Жақсылықов, З. Наурызбаева, М. Қалыралинова, А. Мәуленов, Ж. Айтмұхамбетова, А. Тойшанұлы, Қ. Ғабитханұлы, Ә. Әліқбар, Ә. Бекжан, Т. Еңсегенұлы, А. Темірболат, С. Абишева, Ш. Адилбаева, Г. Шанинова, О. Валикова, Д. Сафронова, Е. Дудулова, Э. Жанысбекова, Ә. Айтмұхамбет, Ф. Түркмен т.б. сынды т.б. ғалымдардың теориялық ойшылдары мен негізгі тұжырымдамалары пайдаланылған. Сонымен қатар тақырыпқа қатысты шетелдік</p>

	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>зерттеушілер, мифологиялық образдар мен мотивтерге когнитивтік талдауға арналған еңбектер жазған авторлар: Дж. Фрээр, М. Элиаде, Дж. Кемпбелла, З. Фрейд, К.Г. Юнг, Ж. Лакан, А.Н. Веселовский, В.Я. Пропп, Е.М. Мелетинский, В.Н. Топорова, В.В. Иванов, О.М. Фрейденберг, Я.Э. Голосовкер, В.П. Руднев, Е.А. Режабек, Н.Н. Николаенко еңбектеріне назар аударып, зерттеулері зерделенген.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәурлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифологияның дамуына негізделген. Атап айтсақ, «Қазіргі қазақ әнтімесіндегі мифологиялық үрдіс және авторлық миф» атты тарауында (97-б.) мифологияның даму үрдісі және авторлық мифтің пайда болуын, қалыптасуын айқындайды. Қазақ әдебиетіндегі авторлық мифтерді зерттегенде туынды бойындағы мифологиялық ойлауды: див, жоралғы және ғылыммен бірлікте алып қарастыру керек деген тұжырымы жасайды. Мифтің қазақ әдебиетіндегі сипатын танытатын екі термин бар: мифология және мифема. Зерттеуші осы екеуінің терминдік қолданысын танып білмей, қазақ әдебиетіндегі авторлық мифтің табиғатына бойлай алмаймыз. Осы екі терминге қатысты зерттеушілер мифологияны – мифсарқынды, мифтеме – мифема деп атауды ұсынады. Осы аталғы бойынша ойын өрістетіп, ғылыми ізденісті жантырта түсуді пайымдайды. Диссертациялық жұмыста мифологияның даму, қалыптасу кезеңдері сипатталап, алғаш рет аты зерттелмеген жазушылардың еңбектеріне талдау жасалынған.</p>
	<p>8.4 Мамызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /</p>	<p>Автор зерттеу барысында мифология, авторлық миф, неомифология, миф поэтикасын ар қырынан сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін және эмперирикалық дереккөздердің мәліметтерін талдау арқылы мамызды мәлімдемелер жасаған. Бұл әрбір тараудағы іргелі ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелерден анық көрінеді.</p>

	ішінара расталған / расталмаған	
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Библиографияда әдебиеттану бағытындағы шетелдік, отандық ғылымдардың теориялық және арнайы сипаттағы әдебиеттерден тұратын 148 дереккөз атаулары бар.
9	Практикалық құндылық принципі	Диссертациялық жұмыстың теориялық нәтижелерін тек қазақ филологиясы саласында ғана емес, философия, тарих, әлеуметтану, мәдениеттану, дінтану салаларындағы арнаулы курстар мен семинарларда оқу материалы ретінде қолдануға болады.
	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Қазақстандық әдебиеттанудағы мифологиялық зерттеулер аясын кеңейтуге және теориялық негіздерін айқындауға жол ашады. Қазіргі кезде қазақ әнгімелерін мифологиялық аспектіде философия, тарих және мәдениет шеңберінде тереңнен қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифологиязм», «Әдебиеттану және фольклористиканың өзекті мәселелері», «Әдебиет және фольклор поэтикасы» т.б. секілді активті пән, арнаулы курстар мен дәрістерде қолдануға болады. Авторлық миф турдырған жазушыларға қатысты ғылыми зерттеу жұмыстарын жазатын ізденушілерге әдістемелік құрал ретінде ұсынуға болады.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық ұсыныстарының жанданылдық дәрежесі толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық ұсыныстарының жанданылдық дәрежесі толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация ғылыми стильмен, нақты дерек-дәйектерді талдауға негізделген тұжырымдар жасай отырып жасалған.

Докторант Нүсіпәліқызы Ақтоғынның «БД021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (РнД) дәрежесін алу үшін жазылған «Қазіргі қазақ әнгімелеріндегі мифтің көркемдік қызметі (2000-2022 жылдар)»

тақырыбында жазылған диссертациясы әдеби мұраны кешенді зерттеу саласына қосылған қомақты үлес болуымен қатар, ғылыми зерттеу жұмысына қойылатын талаптарға толық жауап береді. Сондықтан, оның авторы А. Нүсіпәліқызына «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Пікірді жазған:

Қазак ұлттык қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы



К.Т. Жанұзақова

Қолы Жанұзақова К.
Подпись _____
Растамын: «Қазак ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заберино: НАО «Казакский национальный женский педагогический университет» HR служба